**8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша Жакулаев Адил Муратовичтің Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**ПІКІРІ**

| **р/н №** | **Критерийлер** | **Критерийлер сәйкестігі** | **Ресми рецензенттің ұстанымы** |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Жакулаев Адил Муратовичтің диссертациялық жұмысы қазіргі қазақ прозасының даму бағыты бағамдалып, тарихи дискурстың зерттеу тәсілдері аясында шығармалардың көркемдік мәні мен тарихи сабақтастығы анықталған.тарихи дискусртың теориялық мәніне кеңінен тоқталған. Диссертация тақырыбы мен мазмұны ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Жакулаев Адил Муратовичтің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында орындалған және ондағы негізгі міндет - білім беру сапасын қамтамасыз етуді көздейді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылымитехникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді және 8D017 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) педагогтарды даярлау («8D01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы) бағыты<br>бойынша ұсынылған. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Зерттеу жұмысындағы теориялық және практикалық болжамдар мен тұжырымдар отандық әдебиеттанудың дамуына және саясаткер еңбектерін талдау арқылы әдебиеттану ғылымының пәнаралық байланысын дамытуға үлес қосады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Ізденуші Жакулаев Адил Муратовичтің диссертациялық жұмысында академиялық адалдық қағидасын толық ұстаған. Авторлық құқық нормаларын сақтаған және зерттеу жұмысында қажетті дереккөзді тиімді пайдаланған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Әдебиеттанудың өзекті тақырыптарының біріне айналған тарихи дискурс термині пәнаралық байланыстардың нәтижесінде кең мағынаға ие болуда. Бір ұлттың тікелей таным көкжиегімен астасқан дискурс термині әдеби-эстетикалық қабатта бір халықтың қоршаған ортаны танудағы сан жылдық тәжірибесінің негізінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарын тануға мүмкіндік туғызады. Сондықтан да зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) айқындайды;<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Докторант Жакулаев Адил Муратовичтің әлемдік және отандық ғалымдардың тарихи дискурс терминіне берген анықтамаларын жіті назарда ұстап, өзге пәндермен байланысын анықтап, әдебиеттік аспектіге басымдық бере отырып зерттеу жүргізген. Зерттеу нысаны ретінде 1991-2020 жылдар аралығында жарыққа шыққан қазақ әдебиетіндегі прозалық туындылар іріктеліп алынып жүйелі талдаулар жасалған. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты жүйелі түрде зерделеу және де қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты жоғары оқу орнында оқытылатын пән ретінде негіздеп, оқытудың ғылыми-теориялық әдістемесін ұсынуды мақсат етіп қойған зерттеу жұмысы нәтижелермен толықтай қабысады. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына ішкі тұтастығын сақтай отырып жазылған. Зерттеу жұмысындағы барлық тараулар мен тараушалар бір-бірімен жүиелі байланысып, бірін бірі толықтырып отырады. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: | Көркем әдебиетті дискурс аспектісінде зерттеу бүгінгі күні үлкен маңызға ие. Қазіргі авторлардың еңбектеріндегі көркем-эстетикалық құндылықтарды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) сыни талдау бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | анықтау, сол арқылы бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, өмірлік ұстанымы мен ұлттық танымын анықтауға болады. Зерттеу жұмысындағы қол жеткізген нәтижелер өзіне дейінгі зерттеу еңбектермен астасып, ізденушінің жеке ғылыми көзқарасымен толығып отырған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурыс пәнаралық негізде қаралып, өзіндік ерекшеліктері айқындалып, типологиялық классификациясы жасалған. «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс» атты элективті курсының оқуәдістемелік кешені әзірленіп, тарихи дискурсты оқытудың маңыздылығы дәлелденген. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Ізденуші Жакулаев Адил Муратовичтің диссертациялық жұмысында ғылыми әдебиеттерге, көркем шығарма авторларына сілтеме берген. Ғылыми жұмыста академиялық адалдық принципіне қайшы келетін қандай да тұжырым, мәтін немесе идея бұрмалаушылықтар кездеспейді. Ғылыми тұжырымдары мен қортындылары толығымен жаңа. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Ізденуші Жакулаев Адил Муратовичтің диссертациялық жұмысындағы қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстытың ғылыми-практикалық мәні толығымен жаңа. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша) | Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша 10 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда – 6 мақала, Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында ұйымдастырылған халықаралық конференция материалдар жинағында – 1 мақала, Қазақстандағы халықаралық ғылыми конференцияларда – 3 мақала жарияланған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме? | 7.1. Ізденушінің қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс туралы қоғауға ұсынылып отырған қағидалары дәлелденген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ | 7.2. Тривиалды емес.<br>7.3. Ия<br>7.4. Жакулаев Адил Муратовичтің диссертациялық жұмысының ғылыми-теориялық маңызы жоғары. Педогогикалық және пәнаралық байланыста жасалатын ғылыми еңбектерге тереккөз бола алады сонымен қатар диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқылатын «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Әдебиет поэтикасы», «Дискурстық теория және оның типологиясы», «Сөз мәдениеті» сынды арнаулы курстар мен семинарларда қосымша ғылыми еңбек ретінде пайдалануға болады.<br>7.5. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдамалар төмендегі мақалаларда дәлелденген:<br>ҚР ҒЖБМ БҒСҚК базасында:<br>1. Literary searches of Kazakh dramaturgy in totalitarian system // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №2 (102) 2021. - P.6-13. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online).<br>2. Features of literary and historical discourse // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №1 (105) 2022. - P.124-130 (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online).<br>3. Historical discourse and allusion // Bulletin of the Eurasian humanities institute, Philology Series. - №4, 2022. - P. 134-146. (ISSN 1999-4214).<br>4. Historical discourse in M. Magauin's «Kipchak Beaute» // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №1 (109) 2023. - P.109-116. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online).<br>5. І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Ағыбай батыр образы // ҚарУ Хабаршысы, Филология сериясы. - №2 (110) 2023. - Б.114-124. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online).<br>6. Narrative and historical discourse // M.O. Auezov institute of Literature and Art Herald, «KERUEN» scientific journal. - №1 (78) 2023. - Б.112-122. (ISSN: 2078-8134). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, шетелдік басылымдарда жарияланған мақалалар тізімі:<br>1. Асқар Алтайдың «Түсік» әңгімесіндегі көркем дискурс // Қазіргі білім беру кеңістігінде тіл мен әдебиет мәселелері: трансформация және даму тенденциялары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. – Ташкент, 2023. - Б. 102-105<br>2. Әдебиеттегі тарихи дискурс категориясы // Ғылым және білім – қазіргі жағдайдағы қоғам дамуының маңызды факторы: X халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы.– Қарағанды, 2023. - Б. 235-240 (ISBN 978-601-7493-82-0)<br>3. Сұлтан Бейбарыс: дискурс және тарихи сана (Д.Рамазанның «Ажал келген күн» әңгімесі негізінде) // Египет тарихындағы Сұлтан Бейбарыстың алатын орны мен рөлі: халықаралық конференция жинағы. – Алматы, 2023. - Б. 74-79 (ISBN 978-601-269-479-6)<br>4. Тарихи тұлға дискурсы: қазақ, түрік, қырғыз әдебиетіндегі Шыңғыс хан бейнесі // Заманауи әлемдегі ғылым мен білім: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Қарағанды, 2024. - Б.368-373 |
| 8. | Дәйектілік принципі<br>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) ия;<br>2) жоқ | Докторант Жакулаев Адил Муратовичтің диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық ақпарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттық дәйектілігіне негізделген. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертациялық зерттеу жұмысында заманауи технологияларды қолданып зерттеу нәтижесін талқыланған. Халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, шетелдік басылымдарда сараланып, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына негізделген. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік | Зерттеу жұмысының Эксперимент әдісі Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде жүргізілген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жоқ | Нәтижесінде:<br>– диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы мен негізгі қарастырылатын теориялық мәселелер нақтыланған<br>– «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс» пәнін оқыту үдерісіне енгізіп, эксперимент жүргізуге себеп болып, материалдар дайындалған<br>– оқу кезеңі аяқталғаннан кейін бақылау тобы мен экспериментке қатысушы рецепиенттер тобының білім көрсеткіштерінің нәтижесі салыстырылған |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс теориясы мен ғылыми тұжырымдарды нақтылауда отандық және әлемдік Т.А.ван Дейк, Н.Д.Арутюнова, П.Серио, Ж.Ж.Куртин, М.Фуко, Б.А.Ахатова, Қ.Ө.Есенова, Ж.И.Исмаилова, Ғ.Әнес, А.С.Адилова, Э.Д.Сулейменова, Г.Смағұлова, Н.Уәли, И.Ш.Нұрғожина, Г.Г.Бүркітбаева, т.б. ғылыми еңбектерге сілтеме жасау арқылы расталған |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған және зерттеу жұмысында 218 дереккөзді пайдаланған. Отандың және шетелдік ғалымдардың еңбегіне жан жақты талдаулар жүргізген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Зерттеу жұмысында теориялық тәжірибелік тұрғыда бірізділік, жүйелілік сақталған. Диссертацияның теориялық маңызы бар. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи даскурс» тақырыбындағы докторлық диссертацияның нәтижелері «6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының оқу үдерісіне «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс» атты таңдау пән ретінде енгізілді. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); | Зерттеу жұмысындағы ұсыныстар толығымен жаңа деп бағалаймыз. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертациялық жұмыста академиялық адалдық қағидасына қайшы келетін тұстар немесе бұрмалаушылықтар кездеспейді. |

Ресми рецензент төмендегі шешімдерді қабылдады:

Жакулаев Адил Муратовичтің «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы диссертациясы жұмысы 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын және Жакулаев Адил Муратовичке философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша

философия докторы (PhD) М.О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері. Е.Хуатбекұлы